

Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы ақпарат беру қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 19 қыркүйектегі № 676 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 20 қазанда № 14344 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 17 тамыздағы № 433 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.08.2020 № 433 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 212-бабының 6-1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы ақпарат беру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті (Ә.А. Асавбаев):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың көшірмелерін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде қағаз және электрондық түрде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі

Ж. Қасымбек

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2016 жылғы 19 қыркүйектегі
№ 676 бұйрығымен
бекітілген

Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы ақпарат беру қағидалары 1-Тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы ақпарат беру қағидалары "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 212-бабының 6-1-тармағына сәйкес әзірленді және кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы ақпарат беру тәртібін айқындайды.

2. Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу уәкілетті органның аумақтық органдары (бұдан әрі – тіркеуші орган) осы кеме тіркелген мемлекеттік кемелер тізіліміне, кеме кітабына және жасалып жатқан кемелер тізіліміне (бұдан әрі – кемелер тізілімі) тиісті жазбаны енгізу жолымен жүзеге асырады.

2-Тарау. Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын тіркеу туралы ақпарат беру тәртібі

3. Занды немесе жеке тұлғаның еркін нысандағы өтініші бойынша тіркеуші орган кемелер тізілімінен үзінді көшірме немесе көшірме нысанында ақпарат береді. Бұл ретте үзінді көшірме:

1) ипотека туралы мәліметтер үзінді көшірме берілген күннің алдындағы жұмыс күнінің аяғында берілгеніне сілтемені;

2) тіркеуші органның мөрімен куәландырылған тіркеуші органның уәкілетті лауазымды тұлғасы қол қойылуын қамтиды.

Ақпарат беру мерзімі өтініш берілген сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде беріледі.

4. Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы ақпарат өтеусіз беріледі.

5. Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер барлық заңды және жеке тұлғалар үшін ашық болып табылады.

6. Сол немесе өзге кемеге немесе жасалып жатқан кемеге қатысты ипотека туралы қандай да бір жазбалар болмаған жағдайда үзінді көшірмеде осыған тиісті сілтеме болуы тиіс.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК